2	Сулейменова Мадина Бекмахановна	26.04.1974ж.	Жұбайы ("АҚ туралы" Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
3.	Сулейменова Гульзана Маратовна	11.10.1997ж.	Қызы ("АҚ туралы" Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
4.	Сулейменов Даниал Маратович	16.11.2001ж.	Ұлы ("АҚ туралы" Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
5.	Сулейменова	08.07.2004ж.	Қызы ("АҚ туралы"		

	Диана Маратовна		Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
6	Сулейменов Сагындык Карбаевич	25.08.1946ж.	Әкесі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
7.	Сулейменова Тлеукең Бактаевна	15.07.1948ж.	Анасы (подп.2 п.1 ст.64 Закона "Об АО")		
8.	Сулейменова Салтанат Сагындыковна	09.04.1975ж.	Қарындасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
9.	Сулейменова Асель Сагындыковна	07.08.1977ж.	Қарындасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
10.	Сулейменова Динара Сагындыковна	17.03.1980ж.	Қарындасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
11.	Умирзакова Дильда Умирзаковна	07.10.1948ж.	Жұбайының анасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
11.	Бекмаханов Талгат Бекмаханович	12.05.1972ж.	Жұбайының ағасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		

Жунусов Абай Кадирович, 09.11.1976 ж.т.

Жеке тұлғалар					
№	Аты-жөні	Туылған күні	Аффилирленген тұлға деп тану негіздері **	Аффилирлігі туындаған күн *	Ескерту
1	Жунусов Абай Кадирович	09.11.1976ж.	Акционер –"MAG" АҚ жалпы акциялар санының 25% (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 1-т.)	"MAG" АҚ мем. тіркеу туралы куәлік №73946-1910-АҚ, 14.11.05 жылы	
2	Примбетова Рая Кауасовна	09.12.1975ж.	Жұбайы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
3	Кадирова Жанбота Абаевна	11.09.1998ж.	Қызы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
4	Кадирова Зарина Абаевна	07.03.2003ж.	Қызы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
5	Абайұлы Платон	19.02.2006ж.	Ұлы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
6	Жунусов Кадир	20.03.1947ж.	Әкесі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
7	Кожаметова Ханшайым	25.10.1945ж.	Анасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
8	Жунусов Алтай	15.12.1968ж.	Ағасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
9	Жунусов Касым Кадирович	15.08.1970ж.	Ағасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
9	Жунусова Зауре Кадировна	15.04.1973ж.	Әпкесі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
10	Жунусова	02.11.1978ж.	Қарындасы (“АҚ туралы”		

	Макпал Кадировна		Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
11	Жунусова Нургуль Кадировна	18.06.1980ж.	Қарындасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
12	Жунусова Торгын Кадировна	18.10.1982ж.	Қарындасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
13	Жунусов Аскар Кадирович	20.03.1990ж.	Інісі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
14	Примбетов Кауас	15.05.1923ж.	Жұбайының әкесі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
15	Примбетова Уримтай	05.05.1935ж.	Жұбайының анасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
16	Примбетова Марияш	03.10.1954ж.	Жұбайының әпкесі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
17	Аханова Биби- Айша	18.08.1956ж.	Жұбайының әпкесі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
18	Примбетов Бекмаганбет	08.01.1959ж.	Жұбайының ағасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
19	Ашарова Айша	07.05.1961ж.	Жұбайының әпкесі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
20	Примбетов Нурмаганбет	10.08.1963ж.	Жұбайының ағасы (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
21	Кусупова Хадиша	24.07.1966ж.	Жұбайының әпкесі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
22	Сатыпалды Гульмира	04.10.1969г	Жұбайының әпкесі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
23	Мустафина Рабига	17.05.1971ж.	Жұбайының әпкесі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		
24	Примбетов Болат	25.02.1978ж.	Жұбайының інісі (“АҚ туралы” Заңның 64-б. 1-т. 2-т)		

22. Аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен жасалған мәмілелер

1. "MAG Construction" ЖШС жарғылық капиталы 82 300 теңгеден 19 300 000 теңгеге дейін ұлғайтылғаннан кейін үлестер келесідей бөлінді: "MAG" ЖШС - 1% (193 000 теңге), Жунусов Абай Кадирович, 1976 жылы туылған - 99% (19 107 000 теңге)

2. Жунусов Абай "MAG Construction" ЖШС жарғылық капиталындағы өзіне тиесілі үлесінің бір бөлігін келесі жеке тұлғаларға сатты:

- Идрисов Динмухамет Аппазовичке, 1964 жылы туылған, 49,5% мөлшеріндегі үлесін, бұл 9 553 500 теңге, 2005ж. 25 тамыздағы сатып алу-сату шартының негізінде.

- Сулейменов Марат Сагындыковичке, 1971 жылы туылған, 24,75% мөлшеріндегі үлесін, бұл 4 776 750 теңге, 2005ж. 25 тамыздағы сатып алу-сату шартының негізінде.

3. "MAG" ЖШС "MAG" АҚ өзгеру нысанында қайта құрылды, Қоғамға Серіктестіктің құқылы мирасқоры ретінде "MAG Construction" ЖШС жарғылық капиталының 1% үлес тиесілі.

4. "MAG" акционерлік қоғамы "MAG Construction" ЖШС жарғылық капиталындағы 99% үлесін Серіктестіктің келесі қатысушыларынан сатып алды:

- Идрисов Динмухамет Аппазовичтен, 49,5% мөлшерінде (қырық тоғыз бүтін оннан бес), бұл 9 553 500 (тоғыз миллион бес жүз елу үш мың бес жүз) теңге, 17.12.2005 ж. сатып алу-сату шартының негізінде.

- Жунусов Абай Кадировичтен, 24,75% мөлшерінде (жиырма төрт бүтін жүзден жетпіс бес), бұл 4 776 750 (төрт миллион жеті жүз жетпіс алты мың жеті жүз елу) теңге, 17.12.2005 ж. сатып алу-сату шартының негізінде.

- Сулейменов Марат Сагындыковичтен, 24,75% мөлшерінде (жиырма төрт бүтін жүзден жетпіс бес), бұл 4 776 750 (төрт миллион жеті жүз жетпіс алты мың жеті жүз елу) теңге, 17.12.2005 ж. сатып алу-сату шартының негізінде.

Жалпы мәміле сомасы: 19 107 000 теңге – қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің 25% аз болғандықтан, осы мәміле ірі болып табылмайды.

Осы мәмілені жасау кезінде жасауға мүдделілік бар мәмілелерді жасауға қойылатын ҚР заңнама талаптары сақталды (2005ж. 17 желтоқсандағы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы. 2005ж. 8 желтоқсандағы директорлар Кеңесі отырысының хаттамасы)

"MAG Construction" ЖШС қатысушыларынан Жарғылық капиталдың 99% сатып алғаннан кейін үлес келесідей бөлінеді:

"MAG" АҚ "MAG Construction" ЖШС жарғылық капиталының 100% үлеске ие.

4. Эмитент қызметінің сипаттамасы

23. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістердің, соның ішінде эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша қысқаша сипаттама

Қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуының деңгейін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі халықтың тұрмыс деңгейі болып табылады. Тұрғын үй құрылысы Қазақстанның Даму стратегиясының басым бағыттарының бірі ретінде қойылған. Жыл сайын Президенттің Қазақстан халқына жолдауында тұрғын үй құрылысына ерекше мән беріледі.

Қазақстан Республикасындағы жалпы экономикалық жағдай, 2005-2007ж. арналған тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру елдегі тұрғын үй құрылысының өсу қарқындарына қолайлы әсер етті.

2005-2007ж. арналған тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында 2005ж. қалада пайдаланылуға тапсырылатын тұрғын үйдің жалпы ауданы

442,5 мың ш.м., 2006ж. – 590 мың, 2007 – 737,5 мың ш. м. Алматыда пайдаланылуға берілген орташа жылдық тұрғын үй осылайша 29% болмақ.

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің 2005ж. қаңтар-желтоқсан деректері бойынша Қазақстан Республикасының барлық меншік нысанындағы кәсіпорындарына 5 041 мың ш. м тұрғын үй салынды. Осылайша 2004ж. осы кезең ішіндегі 184,2% өсті.

"MAG" АҚ инвестициялық-құрылыс компаниясы 2003 жылдан бастап инвестициялық құрылыс жобаларын жүзеге асыру, қалалық инфрақұрылымның коммерциялық объектілерін қайта құрлымдау және дамыту саласында қызмет атқаруда. Алғашқы кезде компания "MAG" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі нысанында құрылған болатын. 2005 жылы Компания акционерлік қоғам болып қайта құрылды. Бүгінгі күні 735 адамнан құралатын компанияның басқару және техникалық қызметкерлері осы салада тәжірибесі мол жоғары білікті мамандардан құралған. Компанияның барлық қажетті құрылыс және арнайы техникамын жабдықталған өз материалдық-техникалық базасы бар.

Қоғам Жарғысына сәйкес "MAG" АҚ негізгі қызмет бағыттары:

- Жолдар, ғимараттар, имараттар салу, жөндеу-құрылыс жұмыстар, жобалау жұмыстары, жинақтау, интерьер дизайн, құрылыс материалдарын шығару және тарату;
- өнеркәсіптік тауарлар, халық тұтыну тауарларын сататын орындар желісі арқылы көтерме және бөлшектік сауда-саттық;
- сауда-саттық операцияларын жүргізу және дедалдық қызмет атқару құқығымен халық тұтыну тауарларын, өндірістік өнімдер, қалдықтар шығару және өңдеу;
- Консалтингтік қызметтер, маркетинг, менеджмент;
- Инновациялық қызмет
- Баспа-полиграфиялық қызмет;
- Жарнама-ақпараттық қызмет;
- Инжинирингтік қызмет;
- Лизинг-делдалдық қызметтер;
- Дүкендер, сайда үйлерін, супермаркеттер желісін ұйымдастыру;
- Қоғамдық тамақтану орындарын – мейрамханалар, кафелер, барлар, жазғы алаңдар, т.б. ашу;
- Туристтік қызмет, соның ішінде табиғи демалыс аймақтарын құру, автожанар май құю станцияларын, техникалық қызмет көрсету станцияларын, автотұрақтар ұйымдастыру;
- Спорт-сауықтыру кешендерін ұйымдастыру;
- Ағаш өңдеу өндірісі (ағаштан бұйымдар, жиһаздар дайындау, тарату);
- Сыртқы экономикалық қызмет, соның ішінде алыс және жақын елдермен қызмет атқару, тауарларды экспорттау және импорттау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа қызмет түрлері.

Қазіргі уақытта "MAG" АҚ Алматы қаласының негізгі мәдени-көңіл көтеру, сауда және спорт объектілеріне тікелей жақын орналасқан Құрманғазы-Мұқанов-Шевченко-Қожамқұлов квадратында орналасқан "Premium" классты "Жастар" жаңа қазіргі заманғы тұрғын үй кешендерінің құрылысын, Саин-Ұлықбек көшелерінің қиылысындағы бизнес-класс объектісі құрылысын жүзеге асыруда.

Жалпы таратылатын аудандар көлемі - 91 000 ш.м., инвестициялар көлемі - шамамен 81 млн. доллар, құрылыс аяқталатын мерзім – 2006ж. 2-тоқсан (алғашқы кезек), 2007ж. 3-тқ. (екінші кезек), 2006ж. 3-т. – бизнес класс жобасы. 01.03.06 жылғы жағдай бойынша бірінші кезекті игеру деңгейі 90% , екінші кезекті - 25%.

Ипотекалық несие саласында Компания екінші деңгейлі жетекші банктермен ынтымақтастықта – "Қазақстанның Халықтық жинақ банкі" АҚ, " ТұранӘлем Банкі" АҚ,

"АТФБанк" АҚ, "Казкоммерцбанк" АҚ, "Банк Каспийский" АҚ, ипотекалық компаниясымен - "БТА Ипотека" АҚ.

1) Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша Қазақстанда 2005 жылғы 01 қаңтарда белсенді қызмет атқарып жатқан 9 925 құрылыс компаниясы бар, мұнда негізгі үлесі 2 643 компания (26,6%) Алматы қаласында.

Қазіргі кезде Алматы қаласында тұрғын үй құрылысымен айналысатын 42 ұйым бар, оның ішінде:

- 1) 24 компания 1 ш.м бағасы \$1000 асатын тұрғын үй салуда;
- 2) 18 компания 1 ш.м бағасы \$1000 тең немесе одан аз бағаға тұрғын үй салуда.

Салынып жатқан үйлер:

- 1) көп пәтерлі үйлер (5-25-қабатты)
- 2) 1-11 үйден құралатын тұрғын үй кешендері;
- 3) коттедж қалашықтары;
- 4) таунхаустар.

Көптеген компаниялардың ішіндегі құрылыс салушылар рыногының жетекшілері:

"Элитстрой" ЖШС – элит, бизнес, комфорт классты тұрғын үй кешендерін және "А" классты офистік жайларды көтеруге маманданған. Компания сәулетті жобалау, құрылыс-жинақтау жұмыстарын жүргізу сатысынан бастап клиенттерге пайдалануға беруге, таратуға дейінгі жоғары сапалы құрылыс объектілерімен қамтамасыз етеді. Құрылыста жоғары сапалы, экологиялық таза материалдар қолданылады, 2003 жылдан бастап компания өзінің тауар бетонын, жолаяқ плиткасын, поребрика, құрылыс блоктарын, оюлы металл бұйымдарын шығара бастады.

Қазіргі уақытта компания жүз мыңдаған жобаларын салып, таратты, компанияның белгілі құрылыс объектілерінің ішіне Wellness club "Luxor", люкс санатты Пионер тұрғын үй кешені; "K-sel" бизнес-орталығы, "Әлем" VIP-қалашығы, Бәйтерек көрінетін "Нұрсая" ауқымды кешені, Есілдің сол жақ жағалауындағы Эталон орталығы, т.б.

"Базис А" корпорациясы ЖШС – "Базис-А" корпорациясы қызметінің негізгі бағыты – үш жоғары санатты элиталық тұрғын үй құрылысы: "Бизнес-класс", "De Luxe", "Эксклюзив" және «А» классты офистік ғимараттар.

Барлық тұрғын үй кешендерінде қазіргі заманғы міндетті жер асты паркингінен бастап фитнес- және spa-орталықтарынан жүзу бассейндеріне, сауда және сервистік кешендерге дейінгі инфрақұрылым қалыптасуда. "Базис-А" корпорациясы өз клиенттерінің қалауларына ерекше мән береді. Ұсақ-түйекке дейінгі сервис, құрылыс жұмыстарының жоғары сапасы, ғимараттардың қазіргі заманғы инженерлік жабдықталуы, қауіпсіздік жүйелері сатып алушылардың алдында компанияны тұрақты жетістікпен қамтамасыз етуде.

Корпорацияның табысты қызметі Мадридтегі, Женевадағы, Париждегі, Лондондағы көптеген халықаралық наградальармен, медальдармен және сертификаттармен және ISO 9001 халықаралық сапаны басқару сертификатымен аталған. 2004 және 2005 жылдары қоғамдық пікірді сұрау деректері және сараптамашылар жюриінің дауыс беруі бойынша "Базис-А" корпорациясы «Қазақстандағы №1 құрылыс компаниясы» номинациясы бойынша «Жыл тандауы» ұлттық сыйлығының екі рет иегері болды.

"Silk Way Construction" корпорациясы ЖШС – 2000 жылы негізі қаланған "Silk Way" корпорациясы алуан түрлі қызметтер мен ұсыныстар жасайтын 5 компанияны біріктіреді.

Компаниялардың бірі - "Silk Way Construction" ЖШС, ол әртүрлі мәндегі объектілерді жобалау, салу және қайта құрылымдау бойынша қызметтердің толық кешенін ұсынады. Осы уақытқа дейін компания "Жаңа Ғасыр", "Алтын Заман", "Тереңкүр", "Арман" сияқты тұрғын үй кешені кіретін көптеген жобаларлы орындады.

КУАТ корпорациясы – Қазақстандағы ең ірі құрылыс компанияларының бірі.

Корпорация қызметінің негізгі бағыттары:

- азаматтық және өнеркәсіптік имараттарды салу және жөндеу;
- жобалау және сәулет;
- құрылыс бұйымдарын шығару.

Корпорация қызмет атқарып келе жатқалы жоғары технологиялық тұрғын үйлер және жоғары сапалы әкімшілік ғимараттар көтеретін сенімді әрі тұрақты әріптес атағына ие болды.

Корпорация қызметкерлері (10000 астам адам) - кәсіби мол тәжірибесі бар жоғары білікті мамандар.

2004 жылы Корпорация дүниежүзіндегі ең танымал BSI (Ұлыбритания) сертификаттау компаниясының ISO 9001:2000 халықаралық сапа менеджмент жүйесі бойынша сертификатталды. "КУАТ" корпорациясының еңбегі қазақстандық және халықаралық наградальармен, Қазақстан мен аймақтық өкімет басшыларының құрмет грамоталарымен атап өтілді.

Корпорация сыртқы экономикалық қатынастардың белсенді қатысушысы болып табылады, шетелдік компаниялармен ынтымақтастықта тәжірибесі мол. Жеткізушілері – металл, цемент, алюминий, пластик бұйымдар, құрылыс техникасы, басқа да ұқсас материалдар шығару саласындағы әйгілі әлемдік брэндтер.

Корпорация құрылыста импорттық құрылыс материалдарымен қатар өз өндірісін де белсенді дамытуда, Корпорацияның құрамында төрт зауыт бар:

- "Weining" неміс технологиясымен жабдықталған ағаш терезелер шығаратын зауыт;
- Wisa-form" көп рет пайдаланылатын ылғалға берік фанераны қолданып, фин қалыптарын шығаратын зауыт;
- Алюминий бұйымдарын шығаратын зауыт;
- Металл бұйымдарын шығару зауыты (сілтеме бойынша суреттерге және мәтінге өту).

Осы компаниялар объектілер, құрылыс сапасы бойынша алда келеді, бұл бағалары бойынша да маңызды. Қазақстанның құрылыс рыногы шетелдік компанияларды да тартуда – мұнда қытай, американ, ресей, түрік құрылысшылары да жұмыс істеуде. Бірақ таңдаулы сегменттерде қазақстандық құрылыс салушылар бәсекелестікті сезбейді – шетелдік инвесторлар мен мердігерлер негізінен мемлекеттік тапсырыстарды алады, тұрғын үй құрылысы рыногында жоқ десе де болады.

2) эмитент қызметінің Қазақстан Республикасының ішіндегі орта салалық көрсеткіштермен және орташа әлемдік көрсеткіштермен салыстырмалы сипаттамасы

Республиканың тұрғын құрылысына 2005 жылғы қаңтар-желтоқсанда 241 млрд. теңге инвестиция бағытталды, бұл 2004 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1,6 есе жоғары.

Пайдалануға 5 млн. ш.м. ауданды тұрғын үй берілді, бұл 2004 жылмен салыстырғанда 1,8 есе көп. Енгізілген тұрғын үй көлемдерінің өсуі республиканың барлық аймақтарында атап өтілді. Республикада салынған тұрғын үйлердің жалпы ауданы көлеміндегі ең жоғарғы меншікті салмағын Астана (22%), Алматы (12,2%) қалалары, Оңтүстік Қазақстан (15%), Атырау (8,5%), Ақтөбе (5,7%) және Алматы (5,2%) облыстары алады.

2005 жылғы қаңтар-желтоқсанда барық кәсіпорындар мен ұйымдар орындаған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 743,6 млрд. теңге болды, соның ішінде мердігерлік шарттар бойынша құрылыс ұйымдары – 574,6 млрд. теңге. 2005 жылғы қаңтар-желтоқсан құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 2004 жылмен салыстырғанда 1,3 есе өсті.

Мердігерлік жұмыстар құрылымында құрылыс-жинақтау жұмыстарына жалпы көлемнің 82,1% келеді, яғни жаңа объектілер салу, қайта құрылымдау, кеңейту, техникалық қайта жабдықтау бойынша жұмыстар, 9,2% - күрделі жөндеу жұмыстары, 4,4% - ағымдағы жөндеу, 4,3% - басқа мердігерлік жұмыстар.

3) Саланың болашақта дамуына және эмитенттің осы саладағы жағдайына қатысты болжам

Соңғы уақытта Қазақстанда Ресейде сияқты тұрғын үй құрылысының керемет өсуі байқалады. Осы сала халықтың өмір сүру деңгейінің дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл тұратын үйдің болуы адамның өмір сүру қажеттіліктерінің қатарына жатуымен шартталған.

Адам сүретін орта болып табылатын тұрғын үй өмірінің сапасын анықтайды және ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарларға деген қосымша сұранысын қалыптастырады.

Тұрғын үй құрылысы 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясының басым бағыттарының бірі деп танылды және жалпы ұлттық сипаттағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Президент Н. Назарбаев халыққа арнаған соңғы Жолдауында «тұрғын үй құрылысы – экономикамыздың локомотиві» деп бекер атап өткен жоқ.

Президенттің Қазақстандағы тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасы жеке меншік құрылыс компанияларының қызметін белсендетті, өз кезегінде нарықтық бәсеке шарттарында құрылыс және әрлеу жұмыстарының сапасына әсер етті. Панель және блок құрылымдарының заманы біткен, олардың орнына монолитті құрылыстың жаңа, прогрессивті технологиялары, жаңа буынның әрлеу және құрылыс материалдары келді.

Бірақ салынып жатқан тұрғын үйлер қымбат, бағалары жоғары, халықтың көпшілігінің шамасы келе бермейді. Сондықтан тұрғын үй рыногын ынталандыру бойынша шаралар қарастырылған.

Ипотека бойынша пайыздық ставкалар түседі деп күтілуде, кредиттерді төлеу мерзімі 20 жылға дейін ұзартылды. Мұнда алғашқы жарна 10% артық болмайды.

Құрылыс рыногындағы ұсыныстарды ынталандыру бойынша негізгі сәттердің бірі пайызсыз несие беру болып табылады. Бұл жергілікті атқарушы органның айрықша құқығы болып табылады. Мердігер тендерлік негізде таңдап алынады. Қиянат жасалмауына, тұрғын үй алаяқтығына немесе пәтерлерге мұқтаж емес адамдардың сатып алуына жол бермеуге ерекше мән беру керек. Сондықтан өкімет несие беру және тұрғын үй сатудың сәйкес қағидаттарын әзірледі. Жыл сайын аймақтық бюджеттерге атқарушы органдардың тұрғын үй бағдарламаларына несие беру үшін 42 млрд. теңге салынып отырады. Мемлекеттік тұрғын үй, коммуналдық пәтерлер жекешелендіру құқығынсыз азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін болады. Жыл сайын әрбір облыста кем

дегенде 100 коммуналдық пәтер салу қарастырылуда. Осы мақсаттар үшін қаржы шығындары - 18,9 млрд. теңге.

2007 жылдың аяғына дейін халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін тұрғын үй қоры қазіргі бар нормалар жағдайында 283 млн.ш.м болуы керек, себебі болжамды деректер бойынша 2008 жыл басында халық саны 15,7 млн. адам болады деп күтілуде. 2005-2007 жылдары барлық қаржыландыру көрсеткіштері бойынша тұрғын үймен 195 мың отбасы қамтамасыз етіледі деп күтілуде, соның ішінде ипотека жүйесі бойынша 49 мың отбасы, 20054 жылы – 11,7 мың отбасы, 2006 - 16,5 мың отбасы, 2007 жылы – 20,8 мың отбасы.

24. Эмитенттің нәтижесінде қызметіне әсер етуі ықтимал келісім-шарттары, келісімдері туралы мәліметтер

– Нәтижесінде Эмитенттің қызметіне қомақты әсер етуі мүмкін қандай да бір келісім-шарттар, келісімдер жасалған жоқ.

25. Эмитенттің қызмет атқару үшін алған лицензиялары, патенттері, рұқсаттары туралы мәліметтер

– Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызмет саласында жұмыстар орындауға мемлекеттік лицензия. Лицензия нөмірі ГСЛ № 00772, Алматы қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау департаментімен 2005 жылғы 23 желтоқсанда берілген. Лицензия - мерзімсіз.

26. Соңғы екі жыл ішіндегі немесе нақты қызмет атқарған кезең ішіндегі таратылған өнімдердің (көрсетілген жұмыстардың, қызметтердің) нақты немесе сандық өлшем бірліктерінде қабылданған көлемдері

Қызмет түрі	Тыс. теңге		
	2004 жыл	2005 жыл	01.06.2006 жыл
Үлестік қатысу шарттары бойынша алынатын кіріс	–	1 500 992	1 433 268
Басқа қызметтер көрсетуден түсетін кіріс	3 225	122 530	31 520
ЖАЛПЫ	3 225	1 623 522	1 464 788

Соңғы екі жыл ішіндегі немесе нақты қызмет атқарған кезең ішіндегі эмитенттің таратылған өнім (көрсетілген жұмыстар, қызметтер) көлемдеріне жасалған талдау

2005 жылы көрсетілген қызметтер сомасы - 3 225 мың теңге болды, бұл 2004 жылмен салыстырғанда 1 620,3 млн теңгеге көп.

2006 жылғы 01 маусымдағы жағдай бойынша көрсетілген қызметтер көлемі - 1 464,8 млн. теңге, бұл аяқталған 2005 жылмен салыстырғанда 9,8% немесе 158,7 млн теңгеге төмен.

27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар

Оң факторлар:

- Заңнама базасының жақсаруы;
- Салық ауыртпалығының азаюы;
- Тұрақты саяси жағдай;
- Ғылыми-техникалық прогрестің өсуі;
- Банктік жүйенің дамуы, несие беру жүйесінің жетілдірілуі;
- Энергиямен жабдықтаудың сенімділігінің артуы;

- Ақпараттық қызмет көрсетудің жақсаруы;
- Коммуникациялардың жетілдірілуі;
- Инновациялық белсенділік;
- Халықтың тұрмысының жақсаруы;
- Жарнама қызметінің дамуы.

Теріс факторлар:

- кәсіпкерлік тәуекелдер;
- азаматтық-құқықтық шарттардың орындалмау шағымдары;
- сатып алынатын өндіріс құралдары бағасының өзгеруі;
- бәсекенің өсуі.

28. Эмитенттің өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру бойынша қызметі

1) Эмитенттің жеткізушілері

Үлесіне жалпы жеткізілім көлемінің 10 % (он) және одан да көп пайызы келетін жеткізушілер

№	Жеткізуші	Орналасқан жері	Өнім атауы	Жеткізу сомасы	Жеткізудің жалпы көлеміндегі үлесі (%)
1	КСМК-1 ЖАҚ	Алматы қ.	Бетон	243 834,2	15,4
2	Модуль ЖШС	Алматы қ.	Арматура	166 132,6	10,5
Жалпы				409 966,8	25,9

Болашақта осы көздердің мүмкіндігіне қатысты болжамдар

- Эмитенттің жеткізушілерімен құрылыс материалдарын жеткізуге ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасалынады.

2) Эмитент тұтынушылары

- Барлық жеткізілімдердің жалпы көлемінің 10 % (он) және одан да көп пайызы келетін тұтынушылары жоқ. Эмитенттің тұтынушылары - жеке тұлғалар.

29. Эмитент қызметіне әсер ететін негізгі факторлар

1) эмитент қызметінің мезгілділігі, мезгілдік сипаттағы эмитенттің қызмет түрлері, эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесі

- Алматы қаласының жылжымайтын мүлік рыногының сипатын есепке ала отырып, аудандар мезгілге қарамастан, жыл бойы сатылады деп болжанады. Ықтимал сатып алушылар демалыста болатын жазғы кезеңде сатылым аз түсуі мүмкін.

2) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізат (жұмыстар, қызметтер) жалпы көлеміндегі импорттың үлесі және эмитент экспортқа шығаратын өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы таратылған өнім көлеміндегі үлесі

– Төменде 01.06.06 жылға дейін жеткізілген (көрсетілген) шикізаттың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі импорттың үлесі келтірілген

мың теңге				
№	Импорттердың атауы	Шикізат (жұмыс, қызмет)	Үлес (%)	Айналы м
1	Ke Zhou Jiger Trade Co LTD	Мұнара крандары, қалып, бетон торабы, құрылыс лифттері	0,5	20 075,9
2	Kutas Dis Ticaret ve Pazarlama A.S.	Жолаушы лифттері, металл есіктер	0,1	5 525,9
3	Saray dokum ve madeni Aksam Sanayi A.S.	Алюминий профильдер	0,3	12 851,0
4	Sureks Insaat Tekstil Makina SAN.ve DIS TIC.LTD	Халықаралық тасымалдаулар	0,2	7 677,5
5	Urumqi dong chen wei ye import and export trade LTD	Қыш-гранит, тығыздағыштар, жармалар	0,1	3 803,4
Жалпы			1,2	49 933,7

Эмитенттің экспортқа шығаратын өнімдерінің үлесі

– Өнімдер экспортқа шығарылмайды.

3) мәміле (мәмілелер) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан артатын болса, облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалуға тиісті (жасаған) немесе орындалуға тиісті (орындалған) мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер

– Эмитенттің баланстық құнының 10 % асатын жасалған келісім-шарттар жоқ.

4) болашақ міндеттемелер, осы міндеттемелердің эмитент қызметіне теріс әсері

– Эмитенттің осындай міндеттемелері жоқ.

Үшінші тұлғалардың кепілдіктерімен қамтамыз етілген басқа эмитенттердің облигациялары бойынша эмитенттің кепілдіктері туралы, соның ішінде осындай эмитент, облигациялар саны, кепілдік шарттары, өтеу күні және кепілдікті шығарылым валютасы туралы ақпарат

– Эмитенттің осындай кепілдіктері жоқ.

5) эмитенттің сот процесстеріне қатысуы туралы мәліметтер

– Эмитент сот процесстеріне қатысқан жоқ.

6) соңғы бір жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе соттың эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына тартқан барлық әкімшілік жазалары туралы мәліметтер

– Эмитентке және лауазымды тұлғаларына әкімшілік санкциялар салынған жоқ.

7) тәуекел факторлары

Инфляциялық тәуекел

Жоғары инфляция кезінде кірістер өскенге қарағанда тезірек түседі деген тәуекелден инвестор шынайы шығындар көтеруі мүмкін. Әлемдік тәжірибеде инфляцияның жоғары деңгейі рынокты бұзуы мүмкін. Қазақстанда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің инфляциялық таргеттеу саясатына бағытталуына байланысты экономиканың дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі инфляция деңгейі болғанда жақын жылдары инфляция деңгейі түседі деп немесе ең болмағанда инфляция деңгейі көтерілмейді деп болжауға болады.

Заңнамалық өзгерістер тәуекелі

Осы тәуекел заңнамалық базаға өзгерістер енгізу кезінде, сондай-ақ реформалар бағыты өзгергенде туындайды. Қоғамда үнемі, әсіресе, жаңа президентті, парламентті, өкіметті сайлау кезінде бағытты өзгерту ықтималдылығы бар. Соған сәйкес жаңа салық, сауда және басқа ережелерді өзгерту кезінде инвестициялық климаттың өзгеру ықтималдылығы бар. Мемлекеттік билік органдарында ешқандай өзгерістер болмаса, ағымдағы жағдайды есепке ала отырып, экономиканың жай тиімділігін көтеруге бағытталған заң актілері қабылданады деп болжаймыз.

Валюталық тәуекел

Жобаға шетел валютасын салумен байланысты және валюта бағамы өзгергенде туындайды. Қолданыстағы заңнамаға өзгерістердің енгізілуіне және валюталық баламаның алып тасталуына байланысты ҚРҰБ девальвация деңгейінің Қазақстанның экономикасына тигізетін әсері төмендейді деп өзіне үлкен жауапкершілік алды.

Салалық тәуекел

Құрылыс саласының және жалпы жылжымайтын мүлік рыногының ерекшеліктерімен байланысты. Осы сала циклдік ауытқуға ұшырағыш.

Жылжымайтын мүлік рыногы бағалардың оқыс түсуін қайта өндіру дағдарысынан басынан өткеруі мүмкін. Осындай дағдарыстың басталу ықтималдылығын бағалайық. Алматы қаласының жылжымайтын тұрғын үй көлемі 12 млн. шаршы метр. Жыл сайын 250-300 мың шарты метр жаңа тұрғын үй енгізіліп жатқандығын есепке алсақ, рынок 5-10 жылдан кейін ғана жаңа құрылыстардың қысымын сезеді. Осылайша осы тәуекел түріне аса мән бермесе де болады.

Қала бұзу жер сілкінісін сезінетін болса, жылжымайтын мүлік рыногы оқыс өзгеруі мүмкін. Экономикалық белсенді халықтың көп бөлігі басқа елдерге немесе шетелге көшіп кетеді. Барлық инвестициялар мен жылжымайтын мүлік жоғалуы мүмкін. Оларды сақтап қалудың жалғыз әдісі – сақтандыру, қайта сақтандыру.

Техникалық тәуекел

Келесі түрлерді қамтиды:

- Жеткізу тәуекелі – сатушылардың жабдықтар мен құрылыс материалдарын жеткізу бойынша міндеттемелерін орындамауы;
- Көлік тәуекелі – тасымалдаушылардың өз міндеттемелерін уақытында орындамауы;
- Жабдықтар мен машиналардың істен шығу тәуекелі – жабдықтар мен жинақтардың сынуы, Алматыда машина жөндеу мүмкінсіздігі.

Жоба ұсынушы компанияның мәртебесін, стратегиялық әріптестері – жабдықтар мен құрылыс машиналарын жеткізушілермен кең шаруашылық байланыстарын есепке ала отырып, техникалық тәуекелді минимумға келтіруге болады.

Әлеуметтік факторлармен байланысты тәуекелдер

Сыртқы әлеуметтік факторлар халықтың төлем қабілеттілігі бөлігінде Эмитенттің қызметіне әсер етеді. Қазіргі заманғы әлеуметтік қорғау жүйесінің жағдайы мемлекеттік басқару деңгейлеріне бөліп, мемлекет міндеттемелерінің теңгерімділігімен, зейнетақы мен жәрдемақылардың уақтылы төленуімен, әлеуметтік жеке көмек жүйесінің енгізілуімен сипатталады. Зейнетақы жинақтау жүйесі құрылады, табиғи жеңілдіктердің орнына жәрдемақылар төлеу жүйесі енгізілді, әлеуметтік төлемдер жүйесі автоматтандырылды.

Осының барлығы халық тарапынан электр энергиясына деген тұрақты тұтынушылар сұранысы сақталып қалады деп сенуге мүмкіндік береді.

Эмитенттің ішкі әлеуметтік тәуекелдері Эмитент қызметкерлерімен байланысты. Қазіргі уақытта және жақын болашақта Эмитент қызметкерлерінің кәсіби деңгейіне қомақты теріс әсер ете алатын әлеуметтік факторлардың қомақты әсерін сезініп жүрген жоқ және сезінбейді де. Эмитентте қызметкерлердің біліктілігін үнемі жоғарылатып отыру жүйесі бар, ол арнайы оқытуды және қызметкерлердің жұмыс істеу кезінде жұмыс тәжірибесін алмасуды қамтиды.

Осылайша негізгі тәуекел факторлары жеткілікті түрде басқарылады және олардың Эмитенттің қызметіне теріс әсерін уақтылы жоюға болады.

8) Эмитенттің қызметі, эмитент қызметін атқаратын рыноктар туралы басқа ақпарат

– Қазіргі уақытта Эмитент өз қызметін Қазақстан Республикасының құрылыс қызметтері рыногында ғана атқаруда.

5. Қаржы жағдайы

30. 01.04.06 жылғы баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан да көп пайызын құрайтын материалдық емес активтерінің түрлері

мың теңге			
№	Атауы	Сума	Үлесі (баланстық құнының 5% және одан көп пайызы)
1	ІС кәсіпорын Бухгалтерия 7,7	45,0	31,8
2	ІС кәсіпорын Бухгалтерия 7,7Ар	46,4	32,7
3	Бағдарламалық қамтамасыз ету құралы (SANA-2001-02)	50,3	35,5
Жалпы:		141,7	100,0

31. 01.04.06 жылғы баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының бес және одан да көп пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері

мың теңге			
№	Атауы	Сума	Үлесі (баланстық құнының 5% және одан көп пайызы)
1	Қалыптар жиынтығы	28 298,0	8,0
2	Қалыптар жиынтығы	54 902,5	15,6
3	Стационарлық тіркемелі мұнара краны	17 702,8	5,0
4	Стационарлық тіркемелі мұнара краны	23 547,6	6,7
5	Стационарлық тіркемелі мұнара краны	23 031,7	6,5
Жалпы:		147 482,6	41,8

32. 01.04.06 жылғы инвестициялары

Басқа заңды тұлғалардың капиталында тікелей инвестициялары, ұзақ мерзімді инвестициялары, инвестициялық портфелі жоқ.

33. 01.04.06 жылғы дебиторлық берешегі

Тыс. теңге

№	Ұйым атауы	Орналасқан жері	Үлесі (жалпы дебиторлық берешегінің 5% және одан да көп пайызы)	Сома
1	Интер Строй АЛТ ЖШС	Алматы қ.	21,7	315 129,2
2	КСМК-1 ЖАҚ	Алматы қ.	6,7	97 622,5
3	Южный центр ЖШС	Алматы қ.	19,9	288 200,0
Жалпы			48,3	700 951,7

34. Осы тармақта эмитенттің жарғылық және жеке меншік капиталының мөлшері көрсетіледі

- 01.04.2006 жылғы жағдай бойынша эмитенттің жарғылық капиталының мөлшері - 210 000 000 теңге.
- 01.04.2006 жылғы жағдай бойынша эмитенттің жеке меншік капиталының мөлшері - 810 578 000 теңге.

35. 01.04.06 жылғы заемдері

Кредиттік шарт №	Банк кредитор	Кредит сомасы	Кредит валютасы	мың теңге
				Пайыздық мөлшерлем е
Шекті келісім БЗ №1К105-2005, 18.07.2005г.	"АТФБанк" АҚ	200 000,0	теңге	14%

Кредиттік заемдерді өтеу

Ұйым атауы	Сома	Өтелетін сома		
		2-тқ. 2006ж.	3-тқ. 2006ж.	4-тқ. 2006ж.
		мың теңге		
"АТФ Банк" АҚ	200 000,0	200 000,0	0,0	0,0

36. Эмитенттің негізгі қызметті атқаруымен байланысты кредиторлық берешегі (жеткізушілер алдындағы берешегі, алынған аванстар)

Төменде 01.04.06 жылғы жағдай бойынша ең ірі кредиторлардың онының тізімі келтірілген:

№	Ұйым атауы	Орналасқан жері	мың теңге
			Сома
1	"ПФ Электросервис" ЖШС	Алматы қ.	8 757,9
2	"Алина LTD" ЖШС	Алматы қ.	5 000,0
3	"Еркін Motors" ЖШС	Алматы қ.	3 861,4
4	"IMC TRADE LTD" ЖШС	Алматы қ.	1 916,8
5	"КИТ ЛТД" ЖШС	Алматы қ.	1 882,5
6	"Казэлектротит" ЖШС	Алматы қ.	1 827,9
7	"EURASIA GAS GROUP" ЖАҚ	Алматы қ.	1 270,0
8	"Атлант Строй Индустрия" ЖШС	Алматы қ.	924,4
9	"IK GROUP" ЖШС	Алматы қ.	913,3
10	"Ардис" ЖШС	Алматы қ.	910,0
Жалпы			27 264,2

6. Бағалы қағаздар шығарылымдары туралы мәліметтер

37. Облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің эмиссияланған бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдарына қатысты төмендегілер көрсетіледі:

1) облигациялардың әрбір шығарылымының жалпы саны, түрі және номиналды құны, әрбір шығарылым бойынша орнықтырылған облигациялар саны, сондай-ақ орнықтыру кезінде тартылған жалпы ақша көлемі (номиналды құны бойынша), негізгі қарыз сомасы, әрбір шығарылым бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы, сатып алынған және өтеу күнін көрсетіп, мерзімінен бұрын өтелген облигациялар саны. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеген орган, мемлекеттік тіркеу нөмірі, осы шығарылымды мемлекеттік тіркеген күн эмитент бұрын облигациялар шығарған жоқ.

2) құрылтайшылар төлеген акциялардың жалпы саны, түрі мен номиналды құны, сондай-ақ акцияларды орнықтыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі. Айналымдағы, сатып алынған соңғы күнін көрсетіп, сатып алынған акциялар саны. Акцияларды сатып алу әдісі бекітілген күн. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеген орган, мемлекеттік тіркеу нөмірі, осындай шығарылым мемлекеттік тіркеуге алынған күн

бірінші шығарылым

Жалпы саны	210 000 дана акция
Түрі	157 500 дана жай акция 52 500 дана артықшылықты акция
Номиналды құн	Акцияның (жай және артықшылықты) номиналды құны – 1 000 теңге
Акцияларды орнықтыру кезінде тартылған жалпы ақша сомасы	210 000 000 теңге
Айналымдағы сатып алынған акциялар саны	–
Акцияларды сатып алу әдісі бекітілген күн	2006 ж. 14 ақпан
Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеген орган	Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі
Мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні	Бағалы қағаздардың эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № А 5359, 2006ж. 09 қаңтар

3) эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері, (облигациялар бойынша сыйақы төлемеуі (төлеуді кешіктіргені), жай және артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтерді төлемеуі (төлеуді кешіктіргені)) туралы мәліметтер, соның ішінде орындалмаған міндеттердің мөлшерлері туралы, оларды орындауды кешіктірілген мерзім, бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомалары туралы ақпарат

эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушыларының алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

4) қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымы тоқтатылған немесе бағалы қағаздар шығарылымы болған жоқ деп танылған немесе жойылған жағдайда осындай шешім қабылдаған мемлекеттік органды, шешім қабылданған күн мен шешім негізін көрсету керек

Эмитенттің акциялар шығарылымы жойылған жоқ.

5) облигациялар бойынша өтелу күні және жалпы мөлшері

эмитент бұрын облигациялар шығарған жоқ.

6) есептелген дивидендтер сомасы мен төленген дивидендтер сомасын көрсетіп, соңғы екі қаржы жылының немесе нақты қызмет атқарған жылдың әрбір жылы ішіндегі бір акцияға (жай, артықшылықты) дивиденд мөлшері

соңғы екі жыл ішінде дивидендтер есептеген жоқ.

7) эмитенттің бағалы қағаздарымен сауда-саттық жүргізілетін негізгі рыноктар, соның ішінде сауда-саттық ұйымдастырушыларының атаулары

эмитенттің бағалы қағаздарымен сауда-саттық ұйымдастырылмаған рынокта жүргізілді.

8) Эмитенттің ертеректе шығарған әрбір бағалы қағаз ұстаушысына берілетін құқықтар

Жай акция акционерге дауыс беруге салынатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамның таза кірісі болғанда дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ қоғам тарағанда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

7. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер (осы бөлім облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде толтырылмайды)

38. Облигациялар туралы мәліметтер

1) облигациялар түрі

купонды облигациялар, қамтамасыз етілмеген;

2) шығарылатын облигациялар саны, номиналды құны бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі

шығарылатын облигациялар саны - 3 250 000 (үш миллион екі жүз елу мың) дана;

облигациялар шығарылымының жалпы көлемі - 3 250 000 000 (үш миллиард екі жүз елу миллион) теңге;

3) бір облигацияның номиналды құны - 1 000 (бір мың) теңге;

4) облигациялар бойынша сыйақы

Облигациялар айналымы бойынша сыйақы мөлшерлемесі – облигациялардың номиналды құнының 12 % (он екі пайыз) жылдығы.

Сыйақы есептеле басталатын күн, сыйақы төлеу кезеңділігі мен күндері - облигациялар бойынша сыйақы облигациялар айналымы басталған күннен есептеле бастайды.

Облигациялар айналымы басталатын күн – Облигациялар «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ ресми бағалы қағаздар тізіміне енгізілген күн облигациялар айналымы басталған күн деп саналады.

Сыйақы төлену тәртібі мен шарттары, сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі

Облигациялар бойынша сыйақы 360/30 (бір жылда 360 күн бар/бір айда 30 күн бар) деген уақыттық базамен облигациялар айналымы басталған күннен бастап жыл сайын өтеу мерзіміне дейін әрбір алты ай сайын жылына екі рет қазақстан теңгесімен төленеді.

Сыйақы төлеу үшін облигациялар ұстаушылар реестрін тіркеу – реестр төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күні басталғанға дейін тіркеледі.

Облигациялар бойынша сыйақы облигациялар бойынша сыйақы алу құқығына ие облигация ұстаушылар реестріне тіркелген күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төленеді.

Облигациялар өтемімен бірге теңгемен сыйақы соңғы рет төленеді.

Облигациялар бойынша төлеу тәртібі - Облигациялар бойынша сыйақы эмитенттің облигация ұстаушылар реестрінің деректеріне сәйкес облигация ұстаушыларының банктік шоттарына ақша аударуы арқылы төленеді.

Индекстелген облигациялар шығарылымы жағдайында есептесу тәртібі – осы шығарылым облигациялары индекстелмеген.

5) Облигациялар айналымы және өтемі туралы мәліметтер

облигациялардың айналым мерзімі – айналым басталған күннен бастап үш жыл.

Облигацияларды өтеу шарттары - облигациялар бойынша соңғы купонды сыйақы төлеумен бір уақытта номиналды құны бойынша облигациялар өтеледі. Төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күні басталғанда облигация ұстаушылар реестрлері жүйесіне тіркеуші тіркеген облигация ұстаушыларының шотына ақша аудару арқылы облигациялар өтеледі. Номиналды құны және облигациялар бойынша соңғы купонды сыйақы облигациялардың номиналды құнын алуға құқылы облигация ұстаушылар реестрі тіркелген күннен кейінгі күннен соң 10 (он) жұмыс күні ішінде төленеді.

Инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, облигация ұстаушысынан сәйкес сұрау алған жағдайда оған номиналды құн мен облигациялар бойынша сыйақы төлем Күні белгіленген Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің бағамы бойынша шетел валютасында төленеді. Теңдегі соманы басқа шетел валютасына конверсиялау облигация ұстаушысының есебінен жүргізіледі.

Облигациялар өтелген күн: облигациялар айналымы мерзімі аяқталған күн облигацияларды өтеу күні болып табылады.

Облигациялар өтелетін жер- Эмитент орналасқан жерде, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай д-лы, 52Б үй.

Облигацияларды өтеу әдісі: негізгі қарыз сомасы облигациялар ұстаушылар реестрінің деректеріне сәйкес облигация ұстаушыларының ағымдағы банктік шоттарына аудару жолымен өтеледі.

1) облигацияларды төлеу талаптары мен тәртібі. Облигациялар теңгемен қолма-қол емес түрде төленеді. Облигациялар жазылу арқылы орнықтырылған жағдайда облигациялардың төлем шарттары мен тәртібі инвестормен жасалатын облигацияларды сату-сатып алу шарттарында көрсетіледі.

Облигациялар «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ сауда жүйесінде сауда-саттық өткізу арқылы орнықтырылған жағдайда облигациялар «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төленеді;

2) облигациялар бойынша қамтамасыз ету. Облигациялар қамтамасыз етілмеген;

3) облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі

Тіркеуші: "Регистраторская система ценных бумаг" АҚ (ұстаушылар реестрлерін жүргізу жөніндегі қызметті атқаруға мемлекеттік лицензия №0406200345, 2005 жылғы 10 наурызда Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігімен берілген);

Қазақстан Республикасы, 050026

Алматы қ., Мұратбаев к-сі, 75

Телефондары: 8 (3272) 53-57-90, 53-70-44, 53-73-54. Факс: 8(3272) 53-71-77.

Шарт №000-В-2516, 2005 жылғы 12 желтоқсан.

4) төлем агенті туралы мәліметтер: төлем агенті қарастырылмаған;

5) әрбір облигацияның ұстаушысына беретін құқықтары:

- облигациялар шығарылымының осы проспектімен қарастырылған мерзімде номиналды құн алу құқығы;
- облигациялар шығарылымының осы проспектімен қарастырылған мерзімде сыйақы алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының Заңнамасымен қарастырылған тәртіпте ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және осы проспектімен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Облигацияларын еркін шеттету және басқаша жолмен өкімдік ету құқығы;
- Облигацияға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.

Облигациялар мерзімінен бұрын сатып алынған немесе толық орнықтырылмаған жағдайда облигацияларды сатып алу талаптары, мерзімдері, тәртібі, облигациялар төлеміне берген ақшаны қайтару тәртібі көрсетіледі

Эмитенттің шешімі бойынша бүкіл шығарылым немесе оның бір бөлігі облигациялар айналымының кезеңі аяқталғанға дейін мерзімінен бұрын өтеу мақсатында сатып алынбайды.

7) басталғанда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялантын оқиғалар көрсетіледі, қандай жағдайларда облигация ұстаушылары облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ете алады. Дефолт жағдайында облигация ұстаушыларына берілетін құқықтар:

Эмитент облигациялары бойынша дефолт сыйақы немесе негізгі қарыз төленеді деп облигациялар шығарылымының Проспектісімен белгіленген мерзім аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап есептелетін 10 күнтізбелік күн ішінде облигациялар бойынша сыйақы (купон) және/немесе номиналды құны төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда басталады. Дефолт жағдайында облигация ұстаушысына берілетін құқықтар: облигация ұстаушыларының пайдасына қаржы міндеттемесін немесе сәйкес бөлігін орындау күнгі ҚР Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасынан есептелетін кешіктірілген әрбір күн үшін өсімақы есептеледі.

Облигациялар бойынша дефолт жағдайында эмитент қабылдайтын шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда облигация ұстаушылар құқықтарын қорғау процедуралары

Дефолт басталған жағдайда эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілік көтеретін болады.

Облигациялары бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент дефолттың туындауына әкелген себептерді жою үшін және облигация ұстаушылар құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады.

8) опциндар туралы ақпарат

Опциндар қарастырылмаған.

39. Конверсияланатын облигациялар

Осы шығарылым облигациялары конверсияланбайды.

40. Облигацияларды орнықтыру әдісі

1) облигацияларды орнықтыру мерзімі: облигациялар бүкіл айналым мерзімі бойы орнықтырылады;

2) облигацияларды орнықтыру тәртібі: облигациялар «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ сауда жүйесінде сауда-саттық өткізу арқылы ұйымдастырылған рынокта, сондай-ақ жазылу жолымен ұйымдастырылмаған рынокта да орнықтырылады;

3) облигацияларды орнықтыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер

Қаржы кеңесшісі және андеррайтер:

"Алматы Инвестмент Менеджмент" АҚ (номинал ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия № 0401201157, 2005 жылғы 30 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігімен берілген);

Қазақстан Республикасы, 050059

Алматы қаласы, Достық д-лы, 117/6

тел.: +7 (3272) 95-26-35, факс: +7 (3272) 95-26-32

Шарт №2/2006/ФА, 2006 жылғы 20 наурыз

41. Облигацияларды орнықтырудан түсетін ақшаны пайдалану

Облигацияларды орнықтырудан алынған қаражаттар жаңа кешендер құрылысын қаржыландыруға бағытталады.

8. Қосымша ақпарат

42. Облигациялар айналымындағы шектеулер

Облигациялар айналымында шектеулер жоқ.

43. Облигациялар шығарылымына кеткен шығындар сомасы және осы шығындар қалай өтелетіндігі туралы мәліметтер

Қаржы кеңесшісіне сыйақы	260 000 (екі жүз алпыс мың) теңге
--------------------------	-----------------------------------

Осы шығындар Эмитенттің жеке меншік айналымындағы қаражаттарының есебінен төленеді.

44. Инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымының проспектімен, эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдарында облигацияларды орнықтыру нәтижелері туралы есеппен таныса алатын жерлер туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 52-б үй,
телефон: +7 (3272) 719154, 719155, 719149;
факс: +7 (3272) 719150
электрондық поштасының мекен-жайы: zalimova@mail.ru

Президент

Жунусов А.К.

Бас бухгалтер

Абылдаев Е. Н.